

В 2019 ГОДУ МОЩНОСТИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОГРАНПЕРЕХОДА АЛТЫНКОЛЬ И СУХОГО ПОРТА ЗАДЕЙСТВОВАНЫ ТОЛЬКО НА 25%, НА 80-90% БЫЛ ЗАГРУЖЕН ДОСТЫК. В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ У НАС СТОПРОЦЕНТНАЯ ЗАГРУЗКА ЭТИХ ДВУХ ПЕРЕХОДОВ И НАЧАТА РАБОТА НАД ТРЕТЬИМ – БАХТЫ – АЯГОЗ. ПРИ ЭТОМ УЖЕ СЕЙЧАС МЫ ДУМАЕМ О СОЗДАНИИ ЧЕТВЕРТОГО ПЕРЕХОДА НЕ ТОЛЬКО ДЛЯ ТРАНЗИТА ГРУЗОВ, НО В ПЕРВУЮ ОЧЕРЕДЬ ДЛЯ ОБРАБАТЫВАЮЩЕЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ. У КАЗАХСТАНА НЕТ ВЫХОДА К МОРЮ, НО ЕСТЬ ОГРОМНЫЕ СОСЕДНИЕ РЫНКИ, КУДА МЫ ДОЛЖНЫ ВЫХОДИТЬ. ЭТО ЗАТРАТНО, НО ОПРАВДАННО.

Роман СКЛЯР,
первый заместитель Премьер-министра РК



№48 (2978)
07/06/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

МОДУЛЬДІ ҮЙ – СҰРАНЫС ТАЛАБЫНА САЙ

Астанада Қырқыншы машиналандырылған жол дистанциясы қызметкерлері үшін су жаңа модульді үй орнатылды. Сұранысқа толықтай сай келетін, кәдуілгі жайлы пәтерден айырмашылығы жоқ жұмыртқадай ақ үйді тамашалап қайтқандар қатарында біз де болдық.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Мекеменің бас инженері Бахтияр Бекеновтің айтуынша, бұл үй ауыр жол техникаларын жүргізетін машинистерге және перегондарда жүріп тұратын жұмысшыларға арналған. «Біздің техникалар жоспарлы және жоспардан тыс кез келген уақытта жол жөндеу жұмыстарына жұмылдырылады. Міне, осы уақытта машинистер мен олардың көмекшілері осынау модульді үйде тұратын болады, өздеріңіз көріп тұрғандай, мұнда өмір сүруге қажетті керек-жарақтың бәрі бар», – деді ол.

Сыртқы келбеті келісті модульді үйдің іші де ұдай жылы да жинақы әрі таза екен. Он адамға арнап жасалған, екі жатын бөлменің әрқайсысында бес кереуеттен қойылған. Төсек-орын және төсек жабдықтары



жап-жаңа. Әр кереуеттің жанында шағын тумбалар, әр адамға арналған киім шкафтары бар. Ал үйдің кіреберісіндегі оң жақта асүй орналасқан. Ол газ плита, тоңазытқыш, қысқатолқынды пеш, үстел он орындығымен, ыдыс-аяқ жуатын орынмен және шкафпен жабдықталған. Асүйде сондай-ақ тазартылған су сүзгісіне дейін орнатылған. Таза су диспенсері де бар. Жарқырап тұрған су жаңа ыдыс-аяқ, қасық-шанышқыларға дейін жабдықталуы – жеткізушінің



жауапкершілік деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Ал келесі бір бөлме жуынатын орын, онда екі душ, үш қолжуғыш орнатылыпты. Салқын және ыстық су келіп тұр. Дәретхана іште де, сыртта да бар. Кіреберісте киім кептіретін арнайы шкаф қойылып, ол жылу беретін жүйемен жабдықталған.

Модульді үй қыста тоқ пешімен, ал жазда салқындатқыш жүйемен жабдықталған.

«ҚТЖ» компаниясы жұмысшылардың тұрмыстық-әлеуметтік жағдайын жақсартуға, еңбек қорғауға бұрыннан да көңіл бөліп келеді. Бұған дейін де тұрып келген вагондарымыз жаман емес еді, ал мынау тіпті тамаша. Ұжымдық шарттағы әлеуметтік пакет жеңілдіктерін де толық пайдаланып келеміз. Сондықтан жұмыс берушіге алғыстан басқа айтарымыз жоқ», – дейді ДГС-519 техникасы машинисінің көмекшісі Ерден Сүлейменов.

Суреттерді түсірген
Александр ЖАБЧУК

ПРИБЫЛИ ПЕРВЫЕ ПОЕЗДА



Первые импортные контейнерные поезда прибыли на ТЛЦ «Жетыген» в рамках совместного сервиса CRCT – KTZE – Исткомтранс.

В торжественной церемонии по случаю прибытия поездов приняли участие директор департамента по оперативной работе АО «КТЗ Express» Адилжан Пазылбеков, генеральный директор ТОО «Исткомтранс» Алмас Абайдельдинов, генеральный директор компании «Международная логистика CRCT Казахстан» Хао Гочи. Этот торжественный момент символизирует успех совместной работы и значительный вклад в развитие транспортной логистики региона.

Так, в транспортно-логистическом центре (ТЛЦ) «Жетыген» состоялось важное событие – прибытие первых импортных контейнерных поездов в рамках нового сквозного мультимодального сервиса, созданного совместными усилиями CRCT, KTZE и Исткомтранс. Этот сервис обеспечивает доставку контейнерных грузов из центральной части Китая в Казахстан через ТЛЦ «Жетыген».

Представители ТОО «Исткомтранс» сообщили о планах развития, предусматривающих увеличение объема перевозок в рамках данного сервиса до 20 контейнерных поездов в месяц.

Современная железнодорожная инфраструктура и автоматизированная система управления TOS ТЛЦ «Жетыген» позволяют обрабатывать прибывающие контейнеры в рекордно короткие сроки, что обеспечивает точные прогнозы сроков доставки грузов до конечной точки назначения.

Компания Исткомтранс организовала экскурсию по ТЛЦ «Жетыген» для представителей компаний CRCT, KTZE Express и Shandong Hi-Speed, где им продемонстрировали работу нового терминала для перевалки сыпучих грузов, запущенного в мае 2024 года. Этот терминал не имеет аналогов в Центральной Азии и является уникальным объектом на территории региона.

Асель ШАЙХЫНОВА

НОВЫЙ РЕКОРД



В мае 2024 года перевалка контейнеров в порту Актау достигла исторического максимума, превысив отметку в 5 000 ДФЭ.

Этот показатель демонстрирует постоянный рост. Если за первый квартал в морской гавани обработано свыше 7,4 тысячи контейнеров в двадцати-футовом эквиваленте, то по итогам мая – 5 165 ДФЭ. Это на 100% больше, чем за аналогичный период прошлого года. Более того, такой объем перевалки контейнеров по итогам месяца стал рекордным в истории порта Актау.

Порты Каспийского моря являются одними из ключевых звеньев Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ), пролегающего через Китай, Казахстан, акваторию Каспийского моря, Азербайджан, Грузию, Турцию, Черное море и далее в страны Европы. В современных геополитических реалиях роль Среднего коридора значительно возросла, в связи с чем Главой государства поставлены задачи по развитию портовой инфраструктуры и созданию контейнерного и транспортно-логистического хаба в регионе.

К 2025 году в порту Актау завершится строительство контейнерного хаба, что позволит оказывать полный спектр услуг по перевалке контейнеров и перетариванию грузов. Сегодня пропускная способность порта Актау по обработке контейнеров составляет 70 тысяч ДФЭ. В 2025 году уровень ДФЭ планируется довести до 92 тысяч, а к 2034 году – до 300 тысяч ДФЭ.

Кроме того, предусмотрен ряд мер для увеличения мощностей сухогрузных причалов. В частности, планируется удлинить причал № 3, провести реконструкцию нефтеналивных причалов № 9, 10 и причала № 12 с проведением дноуглубительных работ.

Любовь РОВБА

Жетістік

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры Владимир Петров жақында өткен Спартакиада мен «Charity Samruk Marathon-2024» марафонына қатысып, жеңімпаз атанған серіктестік қызметкерлерін арнайы құттықтады.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Аталған жарыстарда теміржолшылар, соның ішінде осы серіктестік мамандары озық нәтиже көрсеткен болатын. Солардың бірі – осы серіктестікте жүк тасымалы үшін есептеу және халықаралық өзара есептеу департаментінің бас менеджері Динара Шаймерденова марафонда жүгіруден 1-орын

алса, мүлктік құқықты қорғау департаментінің бас менеджері Гүлмира Сапарғалиева 2-орын алған болатын.

Одан бөлек серіктестік қызметкерлері теміржолшылар арасындағы шағын футболдан UFL-24 спартакиадасына да белсенді түрде қатысты. Бұл жарыста серіктестік командасы 1-орын алып, Кубок иегері атанды. Футболда «Үздік қақпашы» атағын ВЧД-8 вагон қараушысы Едіге Маханов



алды. Ал «Үздік ойыншы» атағына Магистральдық желі дирекциясының бас менеджері Әлібек Бейсенбаев ие болды. Бұл спартакиадаға ҚТЖ-ның еншілес ұйымдары мен филиалдарынан 7 команда қатысқан еді.

Солардың бәрінің басын қосып, арнайы құттықтаған серіктестіктің бас директоры

оларды грамоталар және ақшалай сыйлықтармен марапаттады. «Қызметте де, жарыста да тек жетістіктерге жететін әріптестерімізбен мақтанамыз. Спортты серіктен қызметкерлерімізге алдағы жарыстарда да тек сәттілік пен жеңістер тілейміз!», – деді бас директор.

Суретті түсірген автор

ПОЛЕЗНАЯ ПРАКТИКА

В рамках проекта «Летние студенческие отряды» состоялась встреча руководства регионального филиала «Южный» АО «Пассажирские перевозки» и ветеранов со студентами 3-го и 4-го курсов АЛТ – Университета им. М. Тынышпаева и Алматинского колледжа академии логистики и транспорта, которые будут проходить практику в качестве проводников на железнодорожных маршрутах Алматы – Семей и Алматы – Защита.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Практика продлится три месяца. В этот период студенты приобретут навыки обслуживания пассажиров, проверки билетов, обеспечения безопасности в пути, а также выполнения различных административных задач. Работа проводником позволит им получить ценный практический опыт, который будет полезен в их дальнейшей профессиональной деятельности.

Заместитель директора по сервисному обслуживанию



филиала «Южный» Есенгельды Омаров поприветствовал молодежь, подчеркнув, что студенты получают уникальную возможность применить на практике знания, полученные в ходе учебы, и

освоить навыки, необходимые для успешной работы в сфере железнодорожных перевозок.

– Важно помнить, что работа проводника требует не только профессиональных

знаний, но и таких качеств, как ответственность, внимательность и умение общаться с людьми, – сказал Есенгельды Омаров.

Председатель совета ветеранов Алматинского узла Дуан Умаров поделился со студентами моментами своей трудовой деятельности, выразив уверенность, что студенты вкупе с опытными наставниками справятся с поставленными задачами и покажут себя с наилучшей стороны, пожелав, чтобы этот опыт стал для всех началом будущей карьеры. О своей работе старшего нарядчика рассказала ветеран отрасли Шарбан Искабаева, которая с 17 лет работала в региональном филиале «Южный» и имеет за плечами богатый опыт работы в сфере пассажирских перевозок.

Руководство и ветераны пожелали студентам удачи и терпения, при этом отметив, что практика принесет много положительных впечатлений и полезных навыков.

Фото автора



Айбек ҚАПАЙ,
«КТЗ Express» АҚ бас директорының
логистика жөніндегі орынбасары:

ТХКБ ЖОБАСЫНЫҢ
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ
ТАРИФ ПЕН СЕРВИСТІК
ҚЫЗМЕТКЕ ЖӘНЕ
ЖЕДЕЛ ТАСЫМАЛДАУҒА
ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ.
БҰЛ РЕТТЕ
ӘЗІРБАЙЖАНДЫҚ
ӘРІПТЕСТЕРМЕН ҚАТАР
ТҮРКІЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕРМЕН
ДЕ КЕҢЕСЕ ОТЫРЫП,
ЖҰМЫСТЫ ШИРАТА
ТҮСУІМІЗ ҚАЖЕТ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ ЖАЗДА КУРОРТТЫҚ
АЙМАҚ АЛАКӨЛ
БАҒЫТЫНА ҚОСЫМША

6

ПОЙЫЗ ЖҮРЕ БАСТАЙДЫ.
ОНЫҢ ҮШЕУІ ТАЛҒО,
ҮШЕУІ СТАНДАРТТЫ ПОЙЫЗ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ
ТӨРТ АЙДА МАҒЫСТАУ
ТЕМІР ЖОЛЫ АРҚЫЛЫ

2,420 млн

ТОННА ЖҮК
ТАСЫМАЛДАНҒАН.

ЕЛІМІЗДЕГІ ВОКЗАЛ
ҒИМАРАТТАРЫ МЕН
СТАНЦИЯЛАР
АУМАҒЫНДА

4000

ЖУЫҚ БЕЙНЕБАҚЫЛАУ
КАМЕРАСЫ ОРНАТЫЛҒАН.

МАШИНИСТ КӨМЕКШІСІН МАРАПАТТАДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Сексеуіл локомотив пайдалану депосының машинист көмекшісі Рамил Жұматаев Арал ауданы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.



Ол өзінің негізгі жұмысына қоса, қайырымдылық жұмыстармен айналысып, су тасқынынан зардап шеккен халыққа гуманитарлық көмек жеткізген еңбегі үшін құрметке ие болды. 32 жастағы теміржолшы жігіт депода он жылдан бері еңбек етеді. Сексеуіл-Шалқар, Сексеуіл-Ақтөбе бағытында жолаушылар пойызын және Сексеуіл-Қандыағаш аралығында Тальго жүрдек вагонын тасымалдайтын машинист көмекшісі.

– Батыс жақты су алған кешегі тасқын кезінде Сексеуіл кентіндегі «Қарақат» сауда үйінде 4 күн бойы азық-түлік, киім-кешек, дәрі-дәрмектен гуманитарлық көмек жиналды. Біз 7 адам болып, сол көмекті жеткізіп беруге бірнеше жүк машинасымен жолға шықтық. Оның ішінде екеуміз – теміржолшылармыз. Екінші әріптесім – «Қамқор-локомотив» мекемесінің қызметкері Бақтияр Избасаров. Гуманитарлық көмек миссиясы 5 күнге созылды. Бәрі сәтіден болып, елге қап-қап алғыс арқалап қайттық, – дейді машинист көмекшісі. Ол сонымен қатар ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті атынан да Алғыс хатқа ие болды.

Суретті түсірген автор

ВОКЗАЛ АУМАҒЫ АБАТТАНДЫРЫЛМАҚ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Семей магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Айдын Шәукежанов облыс орталығындағы теміржол вокзалында көшпелі кеңес өткізді.



Вокзал шаруашылығының қызметкерлері, қала әкімі, жергілікті атқарушы билік өкілдері қатысқан жиынға алдағы уақытта теміржол бекетін абаттандыру мәселелері талқыланды.

Жалпы, Семей темір-жол вокзалының түп тарихы 1915 жылдан, сонау Алтай теміржолынан басталады. Ал ғимараттың қайта салынғанына биыл 50 жыл. Қазақ теміржолында ғасырлық тарихы бар вокзал бүгінгі таңда жолаушылар тасымалында 7 бағыт бойынша қызмет көрсетеді. Қауіпсіздік талаптары күшейтілген. Алайда, күніне 2000-ға жуық адамды шартарапқа аттандыратын нысанның маңайын абаттандыру күн талабына шығып отыр. Жаз басталысымен қала маңы тасымалы бойынша тағы екі бағыт іске қосылып, жолаушылар нөпірі тіптен көбейген.

Көшпелі кеңес барысында Айдын Мақсұтбекұлы осыған дейін вокзалдың шаруашылық тәсілмен жөндеуден өткенін айтып өтті. Алайда, оның маңайындағы қалалық әкімдіктің теңгеріміндегі аумақтарды жөндеуден өткізу қажет. Бұл орайда теміржолшылар қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшылығына вокзал айналасына жол сызықтарын таңбалауды, архитектура бөліміне жартылған жарнамалық баннерларды алуды және рұқсатсыз орнатылған темір конструкцияларды бөлшектеуді ұсынды. Бұл шараларды қала басшылығы да құптап, тиісті бөлімдер басшыларына вокзал маңын ретке келтіру бойынша нақты тапсырмалар берді.

Сондай-ақ қала әкімі тарапынан тұрғын үй инспекциясы бөліміне вокзал жанында тұрған, бөлімшенің бас ғимаратына қарама-қарсы орналасқан 16 қабатты зәулім тұрғын үйдің қасбетін әрлеуді қоспағра ая да тапсырылды. Бұл алып тұрғын үй кешенінде негізінен теміржолшылар тұрады.

Жұмыс тобы көшпелі кеңес барысында теміржол вокзалы маңын, желі бойына жақын орналасқан ауаларды араалап, ол жерлерде жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу, абаттандыру шараларын да назарға алды. Осы қарқынмен вокзал маңайы да көркейтілуі тиіс.

Суретті түсірген автор

Хабарландыру

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» филиалы, өндірістік қажеттілікке байланысты, Қызылорда теміржол вокзалындағы аландарды жалға алуға бірыңғай лотпен беру бойынша бірыңғай операторлар үшін конкурсты өткізу 2024 жылдың 20 маусымына ауыстырылатынын хабарлайды.

Жоғарыда көрсетілген конкурсқа қатысуға өтінімдер 2024 жылдың 19 маусымы сағат 15.00-ге дейін, жұмыс күндері Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 40-үй, 1-қабат, 7-кабинет мекенжайы бойынша сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін және 15.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады.

Конверттерді ашу 2024 жылғы 20 маусымда сағат 15.00-де Қызылорда қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 40-үй, 2-қабат, Конференц-зал мекенжайы бойынша жүргізіледі.

Барлық сұрақтар бойынша 8 (7242) 29-31-46 телефон нөмірі бойынша хабарласуға болады.

Толық ақпарат «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының www.railways.kz сайтында «Инфрақұрылым» бөлімінің «Теміржол вокзалдарындағы үй-жайлар мен аландарды мүлктік жалдауға (жалға) беру тәртібі» тарауында орналастырылған.

ТЕМІРЖОЛШЫ – АБЫРОЙЛЫ МАМАНДЫҚ

Тараз көлік және коммуникация колледжінің студенттері теміржолшылар династиясының жарқын өкілі, салада жарты ғасыр тер төккен «Құрмет» орденді теміржолшы Базарқұл Түйебаевпен кездесу өткізді.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Болашақ теміржолшылардың таңдаған мамандықтарына деген қызығушылығын арттырып, әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимыл тәжірибе алмасуын көздеген іс-шараны колледждің арнайы пән оқытушысы К.Рүс-тембеков ұйымдастырды.

Луговой станциясында теміржолшылар отбасында өскен Базарқұл Құдысұлы студенттермен әңгімелесіп, өмір жолынан естеліктер айтып, кәсібінің қызығы мен қиындығы жайлы сыр шертті.

– Әкем Құдыс 50 жылын

теміржол саласына арнаған адам. Басында әкемнің қасында көмекші болып жүріп, көп нәрсе үйрендім. 1974 жылы Луговой станциясына пойыз құрастырушысы болып жұмысқа орналастым. Әкемнен кейінгі ұстазым Әуесхан Қырықбаев аға болды. Ол кісімен Жамбыл теміржол бөлімшесінде ұзақ жылдар бірге жұмыс істедік, – дейді Базарқұл Құдысұлы.

Алматы теміржол институтын сырттай оқып бітіріп, өндірістен қол үзбей жоғары білім алған жас маман он шақты жыл Луговой станциясында станция кезекшісі болып еңбек етеді. 1985 жылы Қаратау станциясы бастығының



орынбасары қызметіне тағайындалып, көп жыл абыроймен жемісті қызмет атқарады.

– Бүгінгідей технология дамыған, өндіріс түгел автоматтандырылған кез емес, қиындық көп болды. 1997-2004 жылдар аралығында Жамбыл бөлімшесінде қауіпсіздік ревизоры қызметін атқардым. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тараз көлік оқу орталығы филиалы – Теміржол көліктегі персоналды бағалау және дамыту орталығында оқу шебері болып жұмыс істеп, ұзақ жылғы іс-тәжірибемен бөлісіп, өздеріндей шәкірт тәрбиеледім. Зейнетке шыққанша қандай қыз-

метте болсын кәсібіме адал болуға тырыстым. Өйткені теміржолшы – абыройлы мамандық. Әулетіміз түгелдей теміржолшы деуге болады. Ұлдарым Асхат пен Ардақ осы теміржол колледжінің түлектері. Қазір теміржолда еңбек етіп жүр, ертең сендер де осы салаға бір кірпіш болып қаланасыңдар, – деді жастарға ардагер.

Теміржолшы әулетінің төртінші буыны Ерасыл да атасының жолын жалғапты. Бүгінде колледждің 1-курсында локомотив машинисі мамандығы бойынша білім алуда.

Суретті түсірген автор

ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ



Түркістан локомотив пайдалану депосында алдын ала болжанған жұмыс жоспары нәтижелі орындалып, жұмсалуды тиіс шығын көрсеткіштері төмендеп келеді.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Түркістан


Бұл тапсырманың орындалу процесін ұтымды үйлестіре алудың нәтижесі деуге болады. Деподағы шұғыл техникалық есепке алу бөлімінің басшысы Ләззат Құлымбетованың айтуынша, 7 адамнан құралған

қызметкерлер тәулігіне 100-120, кейде 150-ге дейін жылжымалы құрам құжаттарын өңдеумен айналысады. Осылайша, олар басшылық бекітіп берген Т-4 жоспарының орындалуын мұқият бақылап келеді.

– Мәселен, межеленген жұмысты уақыттылы әрі сапалы орындау үшін бізге 91,914 тонна SAE40 майы керек делініп, іс

жүзінде қолданылған көрсеткіш 82,630 тоннаны құрады. Нәтижесінде 9,235 тонна май үнеммен жұмсалды, – дейді Ләззат Әбдімүтәлқызы.

Үнемделген көрсеткіш мұнымен шектелмейді. Айталық, жыл он екі ай бойғы жоспарлы жұмыс 107,9 пайызға артығымен орындалғанынан бөлек, электр энергиясы 54 137 кВт-қа, ал



жылу қазандығындағы су қолдану 615 текше/метрге дейінгі көрсеткішті құраған. Осылайша, кәсіпорынның су тұтынуы жоспарлағаннан аз болып, істі оңтайлы үйлестірудің нәтижесінде орынсыз ысырапқа жол берілмеуде.

Суретті түсірген автор

ӨТКЕЛДЕН ӨТУДІҢ ӨЗ ЕРЕЖЕСІ БАР



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Атырау магистральдық желі бөлімшесі басшысының бірінші орынбасары А.Жұқыбаевтың мәліметінше, бөлімшеге қарасты барлығы 53 өткел бар. Оның төртеуі күзетіледі, яғни слагбаумы бар, қолмен не автоматтандырылған өткелдер. Бұлардан қауіп аз. Ал қалған 49 күзетілмейтін өткел болғандықтан автокөлік пен пойыздың соғысуы орын алады. Өрине кедергі жоқ, жүргізушілер дабылға, бағдаршамға мән бермей өткелден аялдамай өте шығуға тырысуының

Соңғы бір жыл ішінде Атырау жол дистанциясына қарасты теміржол өткелдерінде 4 жол-көлік оқиғасы болыпты. Олардың бәрінде де басты себепкер – жол тәртібіне бағынғысы келмейтін көлік жүргізушілері.

соңы қайғылы жағдайға әкеп соғады.

Биылғы жылдың 11 мамырында Ақжайық-Атырау аралығының 515-шақырымындағы күзетілетін теміржол өткелінде 18 сағат 15 минутта машинист М.Мұхтаров шұғыл тежеу қолданып тоқтаған. Себебі Тойота Камри Е 175 ACV 06 номерлі автокөлігі жабық бағдаршамға қарамай жол ережесін өрескел бұзып, жолға шығып кеткен. Абырой болғанда оқиға салдарынан зардап шеккендер жоқ. Тағы бір мысал, 2023 жылы 21 желтоқсанда Мұқыр станциясында да осындай жағдай орын алып, күзетілмейтін теміржол өткелінде машинист Ихласовтың жүргізуімен келе

жатқан пойыз шұғыл тоқтаған. Себебі темір жол бойына УАЗ №133 ADU 06 номерлі автокөлігінің шығып кетіп, жабық белгісін көрсеткен бағдаршамға қарамай жол ережесін өрескел бұзған. Салдарынан автокөлік жүргізушісі, Мұқыр ауылының тұрғыны дене жарақатын алып, ауруханаға жеткізілген. Ақжыстау-Рзд. Бақсай аралығының 251-шақырымында орналасқан күзетілмейтін теміржол өткелінде түнде жабық бағдаршамға қарамай, мемлекеттік номері №089 FCA 06 жеңіл көлігі жолға шығып кетіп пойызбен соқтығысқан. Оқиға орнында 2 ер адам, 2 әйел адам жарақат алып, Ақжыстау ауылдық ауруханасына жеткізіліпті. Сол өткелде қазан айында да мемлекеттік №37 GO 300 жеңіл автокөлігі пойызбен соқтығысып, салдарынан 1972 жылы туған автокөлік жүргізушісі ауыр жарақатпен ауруханаға түскен. «Осындай оқиғалар жиілеп барады. Азаматтар өткелден өтудің өз ережесі бар екенін ескермейді. Автокөлік жүргізушілері күзетілетін немесе күзетілмейтін өткел болсын қауіпсіздік ережесін сақтау мәдениетін ұстануы қажет», – дейді басшы.

ҚАУІП ҚАШАН СЕЙІЛМЕК?



Теміржолға жаяу жүргіншілер мен иесіз малдан төнетін қауіп-қатердің алдын алу үшін теміржолшылар жыл он екі ай күресіп келеді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда


Құрамында Қызылорда қосалқы бөлімі директорының орынбасары Бекжан Өтеулиев, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Берік Бекжанов, ЖІБ полиция майоры Айғали Бақыт, аға лейтенант Серік Асанов, Қызылорда жол дистанциясының өкілдері бар топ кезекті рейдке шықты. Олар Белкөл-Қызылорда-Қараөзек учаскелері аралығындағы қауіпті тұстарда жаяу жүргіншілерге теміржолдың қауіпті аймақ екені жайлы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ескерту парақшаларын таратты. Тіпті Шұғыла-КБИ мөлтек аудандары тұсына жақында салынған жаяу жүргіншілер көпірінің маңында да бейсауыт адамдардың теміржолды кес-кестеп өтуі байқалғандықтан рейд осы көпір маңында да өткізілді. Былтыр пайдалануға берілген жап-жаңа аспалы көпір бола тұра бұл маңдан да жолды кесіп өтетін жаяу жүргіншілер қарасы көбейіпті. Көпшілігі жоғары көтеріліп, баспалдақпен



әрі-бері жүруге ерінеді әрі уақыт ұтқысы келеді екен. Рейд кезінде жолды кесіп өткендер таспаға түсіріліп, ескерту беріліп, әкімшілік хаттамалар толтырылды.

Суретті түсірген автор

ТЯГА ПРОШЛА ПРОВЕРКУ



Для подготовки к летним перевозкам локомотивы эксплуатационных локомотивных депо – ТЧЭ-11 Астана, ТЧЭ-10 Курорт-Боровое, ТЧЭ-9 Жанаесіл – прошли весенний комиссионный осмотр.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Комиссия под председательством директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Саята Бекенова провела проверку работоспособности систем тяговых машин, эстетическое состояние, а также были устранены возникшие в ходе их эксплуатации технические неисправности.

На сегодняшний день по Акмолинскому отделению ГП локомотивы приписных парков в количестве 96 электровозов, 82 тепловозов готовы к эксплуатации в летний период.

В ходе проверки члены комиссии уделили пристальное внимание практически каждому элементу тягового подвижного состава.

– Все узлы трения в локомотивах обязательно переводятся на сезонные виды смазок, выполняется проверка напряжения аккумуляторных батарей, плотности электролита, – рассказывает начальник отдела по эксплуатации локомотивов Батыр Газезов.

Работники приписных парков оценивают проходимость воздухопроводов систем вентиляции и параметры давления наддувочного воздуха тяговых двигателей. Осматривают кондиционеры в кабинах локомотивов, системы пожарной сигнализации.

– ВКО – это ежегодное мероприятие, которое включает проверку технологической готовности локомотивов к лету. Данное мероприятие проводится с целью обеспечения стабильной и безопасной работы, – отметил директор филиала ТОО



«КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Саят Бекенов.

Осмотр тягового подвижного состава проводится комиссиями, которые создаются на период осмотра в каждом локомотивном депо. Председателями на время проверки назначаются начальники эксплуатационных локомотивных депо и их заместители в оборотных депо.

Фото автора

Учения

«ЖЕР-2024» ПРОХОДИТ В ВКО

Руководство и работники предприятий Семейского отделения грузовых перевозок по Оскеменскому региону приняли активное участие в тактико-специальном учении «Отработка элемента выгрузки инженерной техники с железнодорожных платформ».

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Поскольку ВКО является одной из сейсмоопасных областей страны, на учениях «Жер-2024» представители АО «НК «КТЖ», службы гражданской защиты, акимата Восточно-Казахстанской области и другие структуры отрабатывают свои совместные действия в условиях разрушительных землетрясений. Специально для руководства учениями в Усть-Каменогорск прибыл вице-министр по ЧС Нурлан Нурпеисов. Для выработки и координации совместных действий развернули полевой республиканский штаб, в состав которого вошел аким ВКО Ермек Кошербаев.

Для информирования населения в Усть-Каменогорске запустили систему оповещения с подачей сигнала «Внимание всем!», работали сирены. Вертолет Ми-8 АО «Казавиаспас» проводил аэровизуальное обследование обстановки после «землетрясения». Всего было несколько учебных локаций. Одна из них находилась в сборном эвакуационном пункте на базе городской школы № 38, куда прибывало население, получив сигналы оповещения о землетрясении.

Учениями на второй локации, которой стала территория филиала по ВКО АО «Кедентранссервис», руководил заместитель руководителя директора Семейского отделения грузовых пере-



возок по Оскеменскому региону Марат Уалиев. В учениях принимали участие представители департамента по ЧС, первые руководители и работники станции Оскемен-1, Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, филиала «Кедентранссервис», Оскеменского эксплуатационного вагонного депо.

– При возникновении разрушительного землетрясения на территорию ВКО железнодорожным транспортом прибывают сводные группировки из других регионов. Мы со своей стороны провели полную подготовку к учениям, предоставили локомотив, платформы, – рассказал Марат Уалиев. – Подводим и разгружаем технику, которая отправится на место ликвидации ЧС и эвакуации жителей. В рамках «Жер-2024» в полную готовность приведены

наши пожарный и восстановительный поезд на станциях Оскемен-1, которые должны отправиться в считанные минуты после получения команды к месту ЧС.

После прибытия платформ с инженерной техникой на территорию филиала АО «Кедентранссервис» работники железнодорожных предприятий приступили к снятию крепежных материалов, водители сняли защитные экраны с окон техники.

Третий учебной локацией в рамках республиканских командно-штабных учений «Жер-2024» стал палаточный городок для размещения эвакуированного населения, в котором есть все необходимое. Также участники «шлифуют» навыки проведения аварийно-спасательных работ, организации переправы через реку Иртыш.

Фото автора

ВСЕГДА НАЧЕКУ

В Костанайском регионе сотрудники управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте провели профилактические учения, направленные на предотвращение проникновения в регион инфекции чумы железнодородным путем.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщила главный специалист Костанайского отделенческого управления санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте Бижамал Шаржанова, несмотря на спокойную эпидемиологическую обстановку по инфекции чумы в Республике Казахстан, сохраняется опасность ее завоза железнодорожным транспортом, так как 40% нашей страны занимают природные очаги этой инфекции, что составляет более одного миллиона квадратных километров (в основном регионы Западного и Южного Казахстана).

– В последний раз в Казахстане чума регистрировалась в 2003 году в Кызылординской и Мангистауской областях, – говорит Бижамал Шаржанова. – Поэтому проводятся тренировочные учения по отработке тактики действий всех причастных служб при регистрации случаев особо опасных и карантинных инфекций.

Подобное учение на объектах железнодорожного транспорта проводится ежегодно, меняется только легенда учения. В этом году «разыгрывалась» особо опасная инфекция (чума) в пассажирском поезде № 44 сообщением «Алматы – Костанай». В Костанайское отделенческое управление санитарно-эпидемиологического контроля



на транспорте поступило донесение от фельдшера медицинского пункта станции Костанай о следовании пассажира Н. в вагоне № 2 с жалобами на сильный озноб, резкое повышение температуры тела до 38-40 градусов, сильную головную боль, чувство разбитости, мышечные боли. При опросе заболевшего было установлено, что несколько дней назад он гостил у родственников в Сарысуском районе Жамбылской области. Накануне отъезда помогал в разделке туши верблюда и в тот же день выехал из города Тараза на проходящем поезде № 377 сообщением «Мангистау – Алматы» до станции Алматы с пересадкой на пассажирский поезд № 44 сообщением «Алматы – Костанай» до станции Костанай. Прибывшие на место

и проводившие осмотр и опрос больного медики поставили ему предварительные диагнозы: «фолликулярная ангина», «чума?». Проводники грамотно провели все необходимые противоэпидемические мероприятия. Были немедленно оповещены все сопрячающие службы и приняты предписанные протоколом в таких случаях мероприятия. В ходе учения, кроме железнодорожных организаций, таких как диспетчерские службы и штаб ГО и ЧС Костанайского отделения ГП, ТОО «Турксиб Астана», ЛОП станции Костанай, ВЖДО, были привлечены, по согласованию, территориальные и областные организации: ГУ «Департамент по ЧС Костанайской области», РГУ «Департамент санитарно-эпидемиологического контроля по Костанайской», РГУ «Управление санитарно-эпидемиологического контроля по г. Костанаяу», КПГ «Костанайская областная станция скорой неотложной медицинской помощи», ГУ «Управление здравоохранения акимата Костанайской области». Благодаря своевременно принятым противоэпидемическим мерам на станции Костанай ситуация по особо опасным и карантинным инфекциям удалось сохранить стабильной. По итогу оперативным штабом была дана положительная оценка учениям.

– Целью и задачей этих учений является отработка функциональных обязанностей всех железнодорожных служб, участвующих в ликвидации очага в случае выявления такого больного в пассажирском поезде или на железнодорожном вокзале. Нужно всегда быть начеку, поскольку в последние годы на территории ряда государств эпидемия чумы отмечалась в Африке, Азии и Южной Америке, – резюмирует Бижамал Шаржанова.

Фото автора

К ВЕРШИНАМ ИТ-ТЕХНОЛОГИЙ

Светлана МОГАЙ,
Караганда



30-летний юбилей отмечает отдел первой линии поддержки (ОПЛП). Ранее он именовался линейным отделом информационных систем (ЛОИС), руководитель которого Ерболат Малыбай. Организация дислоцируется на станциях Караганда-Сортировочная и Жанааул.



По словам председателя профкома Натальи Чуевой, произошло слияние двух структур – Информационно-вычислительного центра Карагандинского отделения и отдела АСУСС Вычислительного центра Целинной железной дороги. С этого периода началась общая история предприятия.

– На тот момент были автоматизированы только программы бухучета и сортировочной станции. Со временем проведена огромная работа – замена телетайпов персональными компьютерами, автоматизированы практически все процессы на железной дороге, – рассказывает Наталья Чуева. – На сегодняшний день на компьютеры диспетчеров, приемосдатчиков, товарных кассиров, операторов по обработке документов, дежурных сменных помощников начальника станции, операторов центра оперативно-технического учета (ГЧУ), вагонников установлено программное обеспечение для выполнения требуемых целей и задач. На каждом рабочем месте имеется доступ к необходимым ресурсам и отчетным сайтам, электронной почте, также внедрены автоматизированная система управления местной работой (АСУ МР), график исполненного движения (ГИД), система электронного документооборота (ЭДО), договорная и коммерческая работа (АСУ ДКР), программа АРМ ППО.

Отдел ОПЛП занимается обеспечением бесперебойной работы, обслуживанием информационных систем и автоматизированных рабочих мест железнодорожников. Внедрение новых программ и обучение пользователей являются важнейшими задачами. На базе ОПЛП функционирует единый контакт-центр (портал самообслуживания), который принимает заявки пользователей.

За высокий профессионализм, ответственное отношение к работе, верность выбранному делу сотрудники отдела получили награды, почетные грамоты и благодарственные письма. Социальная защита персонала осуществляется в полном объеме в соответствии с Коллективным договором.

Как известно, коллектив является основой любого предприятия, здесь развита преемственность поколений, передача опыта, которая существует в отделе ОПЛП, во многом определяет его лидирующие позиции.

Фото автора

УСИЛИЛИ КОНТРОЛЬ

Любовь РОВБА,
Астана



Из-за участвовавших случаев травмирования людей на стальной магистрали железнодорожники совместно с транспортными полицией усилили профилактическую работу с населением.

Если для школьников летние каникулы – время беззаботного отдыха, то для взрослых это повод более бдительно следить за времяпровождением своих детей. Особенно проживающих вблизи железнодорожного полотна. В теплое время года ребята проводят много времени на улице, и часто без должного контроля. В качестве развлечений они взбираются на вагоны, перебегают пути перед идущим составом, делают селфи, выстраивают на путях препятствия из камней и других подручных материалов. Все это не только чревато большими штрафами, но и травмами, и самое страшное – потерей жизни.

– В последние время участились случаи получения травм на железных дорогах. Особую тревогу вызывает травмирование несовершеннолетних детей. Только с начала года по Казахстану было зарегистрировано свыше 30 фактов травматизма, из них больше половины со смертельным исходом, также погиб один ребенок, – сообщил начальник отделения административной полиции ЛУП на станции Астана Абай Килыбаев.

Он отметил, что железная дорога как зона повышенной опасности требует особого внимания и строгого соблюдения правил безопасности. В связи с этим совместно с железнодорожными организациями постоянно проводится целый комплекс профилактических мероприятий, в том числе разъяснительная работа через СМИ, в учебных заведениях, дворовой обход населения, рейды и т. д.

Объявление

Филиал акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» – «Кызылординское отделение магистральной сети» сообщает, что в связи с производственной необходимостью проведение конкурса для единых операторов по передаче единым лотом в имущественный наем (аренду) площадей на железнодорожном вокзале Кызылорды переносится на 20 июня 2024 года.

Заявки на участие в вышеуказанном конкурсе принимаются до 15.00 19 июня 2024 года в рабочие дни с 10.00 до 13.00 и с 15.00 до 18.00 по адресу: город Кызылорда, ул. Е. Ауельбекова, 40, 1-й этаж, 7-й кабинет.

Вскрытие конвертов будет проведено в 15.00 20 июня 2024 года по времени Астаны по адресу: город Кызылорда, ул. Е. Ауельбекова, 40, 2-й этаж, конференц-зал.

По всем вопросам обращаться по номеру телефона 8 (7242) 29-31-46.

Подробная информация размещена на сайте акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»: www.railways.kz, в подразделе «Порядок сдачи в имущественный наем (аренду) помещений и площадей на железнодорожных вокзалах» раздела «Инфраструктура».

БИІК ШЫНДЫ БАҒЫНДЫРУ – ХОББИІМ...

Данияр Бимашев Алматы жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Достық станциясында еңбек етеді. Ол «ҚТЖ-100 жас есім» жобасынан шыққан корпоративті блогер. 1 маусым күні Данияр Іле Алатауы баурайындағы ең биік – 4 376 метрлік Комсомол шыңына шығып, ҚТЖ туын тікті. Бұл жетістігін ол Қазақ темір жолының 120 жылдығына арнады.



Басында қарапайым қызметтен бастадым. Өртүрлі қызметтік сатылардан өттім. Қазіргі таңда Жүктерді орналастыру, бекіту мен сұлбаларды әзірлеу, қарастыру зертханасына жетекшілік етемін. Қытай елінен шыққан габариті үлкен, ауыр салмақты жүктерді қараймыз. Сол жүктерге арналған сызбаларын қарап, тексеріп, жүктердің дұрыс тиелуін, қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз. Станция арқылы күн сайын лек-лек құрам, жүздеген вагон импорттық, экспорттық, транзиттік жүктер өтеді.

– Осындай жауапты қызметті атқарып жүріп, спортпен де айналысуға уақыт табасың, оның ішінде қиын да күрделі түрі – альпинизмді серік етіпсің...

– Тауға өрмелеу – менің сүйікті хоббиімнің бірі. Одан бөлек мобилография, дронмен видеороликтер түсіремін. Жұмыстан тыс уақытта қоғамдық-әлеуметтік іс-шаралармен айналысамын, кәсіби тұрғыдан әлеуметтік желілерді жүргіземін, үнемі кәсіби мамандығымды шындайтын курстар мен семинарларға қатысып тұрамын. 2022 жылдың желтоқсан айында алғаш рет Іле Алатауы баурайында орналасқан Қазан (Богданович) мұздығына

шықтым. Одан кейін Фурманов шыңы 3 053 м, Букреев шыңы 3 010 м, Шымбұлақ шыңы, Үлкен Алматы шыңы 3 680 м, Турист шыңы 3 954, Тұйық Су мұздықтарын бағындырдым. Ал күні кеше 4 376 метрлік Комсомол шыңына шығып, сол жерде Қазақстан темір жолының туын тіктім. Жалпы мен тауға көтерілгенде ҚТЖ туын үнемі өзіммен бірге алып жүремін. Және де бұл кішігірім жеңісімді Қазақстан темір жолының 120 жылдығына арнадым. Бұл шынды Алматының кез келген жерінен тамашалауға болады. Алматы қаласына көрінетін ең биік шың болып табылады.

– Жарайсың, алар асуларың, бағындырар шыңдарың көп болсын. Дегенмен, бұл күрделі спорт түрінің қауіпті екені де жасырын емес, қызығушылық неден басталды? Шынды бағындырғанда қандай әсерлер аласың?

– Мен негізі кеш бастадым, 2022 жылы Богданович мұздығына барған кезден қызығушылығым басталды. Бұған дейін Эверест киносын көріп, қатты әсерлендім. Кейін Анатолий Букреев, Мақсұт Жұмаевтың еңбектерін көріп, кітаптарын оқып, қызығушылығым арта түсті. Тауда жүрудің қаупі де жоғары. Қар көшкіні бар дегендей. Бірақ командада таудың ұңқыр-шұңқырын, қыр-сырын жетік меңгеріп алған мықты нұсқаушылар, гидтер бар. Ал альпинизмге келер болсақ, бұл спорт түрі үлкен дайындықты, асқан шыдамдылық пен төзімділікті қажет етеді. Бір жағынан бұл өзінді шыңдау. Ал биік шынды бағындырғанда қандай сезімде болатынынды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл бір ғажап сезім...

Сұлғулы БАКЕСОВА



ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА ГЛАЗАМИ ДЕТЕЙ

На станции Караганда-Сортировочная состоялось награждение детей работников железнодорожной сферы, занявших призовые места в конкурсе рисунков «Темір жол балалардың көзімен» – «Железная дорога глазами детей». Мероприятие организовано Карагандинским филиалом профсоюза и посвящено 120-летию железной дороги Казахстана.

В творческом конкурсе приняли участие более 100 детей от 4 до 8 лет и от 9 до 12 лет. Всего жюри было отобрано 63 рисунка.

– Отрадно осознавать, что дети отлично освещены, где трудятся их родители. Информацию об этом они черпают каждый день, видя какой вклад вносят их мамы и папы в развитие железной дороги Карагандинского региона, – говорит председатель Карагандинского филиала профсоюза Яхия Алымусин.

Яркими мазками красок и цветными карандашами ребята изобразили поезда, людей, стрелочные переводы, предупреждающие знаки, машинистов в форме, но при этом не забыли о голубом небе и ярком солнце над головами как символах мира и согласия в большой многонациональной стране.

По итогам конкурса в номинации «Берегите себя» первое место разделили Шерхан Дюсенбаев и



Василиса Ясенко, второе место жюри присудило Лидии Шмелевой и Айше Тишбаевой, третье – Зере Камаш и Еве Нуязниной. В номинации «Железная дорога глазами детей» первое место присуждено Әнел Мерей и Айару Хамит, второе – Айлин Акимжан и Акерке Аманше, третье – Ерік Гүлім. В номинации «История железных дорог Казахстана» первое место завоевала Мәлдір Аманша, второе разделили Диас Айдарханов и Анастасия Стеблина, третье – Юлия Шмелева.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

Спорт

РАСҰЛАННЫҢ ЖЕҢІСІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да өз ісін шебер меңгерумен қатар салауатты өмір салтын ұстанып, спортты серік еткен теміржолшылар көп. Соның бірі Расұлн Қуанышқан жақында Самұрық-Қазына ұйымдастырған жарыста жүзден жүйрік шығып, жеңімпаз атанды.

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Астанада өткен «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының «Charity Samruk Marathon-2024» қайырымдылық марафонына 1200 желяяқ қатысты. Балаларды, соның ішінде ерекше балаларды қолдауға арналған бұл әлеуметтік жоба аясында өткен шараға «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қызметкері қатарында Жолды диагностикалау орталығының инфрақұрылым нысандарын мониторингтеу және кешенді талдау бөлімінің менеджері Расұлн Қуанышқан да қатысқан болатын. Спортшылар екі қашықтыққа жүгірді: 5 шақырымға (әуесқойлар) және 10 шақырымға (кәсібилер). Міне,



біздің кейіпкеріміз осы жарыста әуесқойлар қатарынан табылып, 5 шақырым қашықтықты 17 минутта жүгіріп өтіп, бәсекелес-

терінен басым түсті. 1-орынды иемденген теміржолшы жігіттің мерейі үстем болды.

– Жеңіл атлетикамен айналысқаным екі жылдай болды. Алғашқыда денсаулығымды нығайту, өзімді тонуста ұстау үшін жүгіре бастадым. 2023 жылы Самұрық-Қазына ұйымдастырған марафонда 10 км қашықтығына қатысып, 2-орын алдым. Спорт адамға стимул береді. Жеңістің аздап дәмін татсаң, ол сені әрі қарай жетелей түседі. Сол екінші орын менің ынта-ықыласымды арттырды. Келесі жылы міндетті түрде 1-орын аламын деп өзіммен өзім бәстестім. Сосын қаңтар айынан бастап қарқынды түрде дайындалуға кірістім. Быыл сол кішкентай жетістігіме жеттім. 5 км қашықтықты 17 минутта жүгіріп өтіп, өз жас санатымда бірінші орын иелендім. Болашақта бұдан да жоғары жетістіктікке жетсем деген арманым бар, осы бағытта жұмыс істейтін боламын, – деді ордабұзар отыздағы Расұлн.

Нұрбек БЕКЕН
Суретті түсірген автор

ЖАРМАЛЫҚ ЖОЛШЫЛАР ЖАРАДЫ!

Қазақстан темір жолының 120 жылдық мерейтойына орай Абай еліндегі Жаңа-Семей жол дистанциясы желі бойындағы өз теміржолшыларының арасында шағын футболдан сайыс өткізді.



Семей ЖТ бөлімшесінің Жаңғызтөбе станциясында өткен жарысқа жалпы саны 35 адамнан тұратын төрт команда қатысты. Атап айтсақ, үш бірдей өндірістік учаске жолшылары мен көршілес «Досжан темір жолы» қызметкерлері келіп, өзара шеберлік сынасты.

Жаңа-Семей жол дистанциясының бастығы Қанат Әбдұғалиев пен ПЧ-40 кәсіподақ ұйымының төрайысы Зульфия Еникеева сайыс алдында лебіз білдіріп, жолшыларға жеңіс жолында сәттілік тіледі.

Сайысқа қатысқан жолшылардың ешқайсысы осал емес, Семей мен Аягөзде өткізілетін түрлі спорт сайыстарында команда намысын қорғап жүрген спортшы жігіттер болатын. Бір-бірінің әдіс-айласын, қыр-сырын білетіндіктен ойын барысы мейлінше тартысты әрі шиеленісті түрде өрбіді. Әйтсе де, ақтық сынға тек мықтылар ғана ілікті.

Финалдық сайыстың қорытындысы бой-

ынша Жарма және Жаңғызтөбе станцияларында қызмет көрсететін үшінші учаскенің жолшылары бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды Досжан темір жолының жігіттері иеленсе, үшінші орынды №1 Жаңа-Семей телімінің жолшылары алды.

Барлық жеңімпаз командаларға жеңіс кубоктары, дипломдар мен ПЧ-40 кәсіподақ ұйымының тарапынан әзірленген бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Ал Жаңа-Семей жол дистанциясының бастығы Қанат Рысқалиұлы өз атынан арнайы жүлде тігіп, үздік қақпашы атанған Ерлан Нихимбаевқа, үздік шабуылшы Тамирлан Қажмұхамет және үздік қорғаушы Бауыржан Бейсембаев сынды ойыншыларға сый-сияпат жасады.

Абай ЕРТІС, Семей
Суретті түсірген автор



Бас редактор
Дина Мұздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Шамбер-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық саланық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаява 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу көлулігі берілді.



СЫГРАЛИ В БИЛЬЯРД

Отборочные соревнования для участия в турнире по бильярду на Кубок председателя ОО «Казпрофтранс» прошли в Усть-Каменогорске среди железнодорожных предприятий Оскеменского региона.

Как информировал инструктор-организатор по спорту Изгилик Куйекбаев, цель соревнований – укрепление здоровья и снижение заболеваемости работников отрасли, повышение спортивного мастерства, популяризация бильярда как вида спорта на транспорте, повышение имиджа первичных организаций профсоюза.

В региональном турнире приняли участие работники предприятий Семейского отделения грузовых перевозок – станций, локомотивного и вагонного хозяйства. Среди них – Александр Селиверстов из Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, который в прошлом году стал победителем региональных соревнований по бильярду в Усть-Каменогорске и участником республиканского турнира на Кубок председателя ОО «Казпрофтранс».

– В прошлом году я ездил на республиканский

турнир в Павлодар, – вспоминает Александр Селиверстов. – В нем приняли участие больше 30 человек, среди которых – очень опытные игроки. Там я не занял призового места. Играю в бильярд давно, но, увы, часто нет времени на тренировки.

По итогам региональных соревнований по бильярду первое место занял начальник станций Новоустькаменогорск и Усть-Каменогорск Бейбит Окусханов, который в этом году примет участие в турнире на республиканском уровне.

Второе место – у Александра Селиверстова. На третьем – Изгилик Куйекбаев. Представитель центрального совета ОО «Казпрофтранс» по Защитинскому узлу Айгуль Жайлаубаева наградила победителей дипломами и денежными призами.

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск
Фото автора